

in step with the times, without abandoning innovations, if they have a positive impact on the educational process itself. Further digitalization will dictate new rules that emphasize the important role of innovative technologies in the formation of an effective educational environment, which will help to increase the level of knowledge acquisition, the development of creative abilities of students, the formation of readiness to apply theoretical knowledge in practice using modern technologies. The use of innovative technologies in educational activities is a prerequisite for the training of high-quality specialists.

#### References:

1. Послание Главы государства К-Ж. Токаева народу Казахстана от 1 сентября 2020 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g](https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g)
2. Концептуальная записка: образование в эпоху COVID-19 и в последующий период. [Электронный ресурс]. URL: [https://www.un.org/sites/un2.un.org/files/policy\\_brief\\_-\\_education\\_during\\_covid-19\\_and\\_beyond\\_russian.pdf](https://www.un.org/sites/un2.un.org/files/policy_brief_-_education_during_covid-19_and_beyond_russian.pdf)
3. Ахромеева Т.С., Малинецкий Г.Г., Посашков С.А. Смыслы и ценности цифровой реальности: Будущее. Войны. Синергетика // Философские науки. 2017. №6. С. 104-120.
4. Дубровский Д.И. Электронная культура. Кто против? // Философские науки. 2017. №2. С. 50-57.
5. Кутырев В.А. О судьбе управления и права в цифровом обществе // Вестник Нижегородской академии МВД России. 2019. №1(45). С. 278-281.
6. Масланов Е.В. Цифровизация и развитие информационно-коммуникационных технологий: новые вызовы или обострение старых проблем? // Цифровой ученый: лаборатория философа. 2019. Т.2, №1. С.6-21.
7. Мачерет Д.А. «Цифровой социализм» или расширение свободы индивида? // Общественные науки и современность. 2019. №2. С.54-65.

#### Сведения об авторе (авторах):

**Т.Г. Iskhakbayeva\*<sup>1</sup>, Л.А. Shkutina<sup>2</sup>, М.К. Yelshina<sup>3</sup>** - <sup>1,2,3</sup> Karaganda University named after E.A. Buketov (Karaganda, Kazakhstan)

**Т.Г. Исхакбаева\*<sup>1</sup>, Л.А. Шкутина<sup>2</sup>, М.К. Ельшина<sup>3</sup>** - <sup>1,2,3</sup> Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды, Қазақстан)

**Т.Г. Исхакбаева\*<sup>1</sup>, Л.А. Шкутина<sup>2</sup>, М.К. Ельшина<sup>3</sup>** - <sup>1,2,3</sup> Карагандинский университет им. Е.А. Букетова (Караганда, Казахстан)

ӘОЖ 37.062.1

**Ж.М. Ерғали<sup>1</sup> С.А. Кенесбекова<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup> *Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, (Қарағанды, Қазақстан)*

#### ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ЖЕТКІНШЕКТЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Қарым-қатынас – адамдардың өзара әрекеттестік пен қатынас жасаудың бірден бір формасы. Ғылыми мақалада қашықтықтан оқыту барысында жеткіншектік кезеңдегі қарым-қатынастың психологиялық ерекшелігіне жан-жақты талдау жасалынады, мінез-құлықтың және сананың қалыптасуы қарастырылады. Мақалада оқушылардың жас кезеңдері негізгі назарға алынады. Мақсаты - оқырманға жеткіншектердің психикалық дамуын, қашықтықтан оқыту процесіне қалыптасу заңдылықтарын түсіндіру, көрсету.*

**Түйін сөздер:** қарым-қатынас, жеке тұлға, жеткіншек, психология, мінез-құлық, сана, даму, «мен», қашықтықтан оқыту, онлайн.

**Ж.М. Ерғали<sup>1</sup> С.А. Кенесбекова<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup> *Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, (Караганда, Казахстан)*

#### ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ОБЩЕНИЯ ПОДРОСТКОВ В ПРОЦЕССЕ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

*Коммуникация – это одна из форм человеческого взаимодействия и общения. В научной статье проводится комплексный анализ психологических особенностей взаимоотношений в*

подростковом периоде при дистанционном обучении, рассматривается формирование поведения и сознания. В статье особое внимание уделяется возрасту учащихся. Цель – объяснить и показать читателю психическое развитие подростков, правила формирования к процессу дистанционного обучения.

**Ключевые слова:** отношения, личность, подросток, психология, поведение, сознание, развитие, «Я», дистанционное обучение, онлайн.

**J.M. Ergali<sup>1</sup>, S.A. Kenesbekova<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup>*Karaganda University named after E.A. Buketov, Karaganda, Republic of Kazakhstan*

## **PSYCHOLOGICAL FEATURES OF ADOLESCENT COMMUNICATION IN THE PROCESS OF DISTANCE LEARNING**

*Communication is one of the forms of human interaction and communication. The scientific article provides a comprehensive analysis of the psychological characteristics of relationships in adolescence during distance learning, considers the formation of behavior and consciousness. The article pays special attention to the age of students. The goal is to explain and show the reader the mental development of adolescents, the rules for the formation of the process of distance learning.*

**Keywords:** relationships, personality, teenager, psychology, behavior, consciousness, development, self, distance learning, online.

Жас - әр тұлғаның физиологиялық және психологиялық дамуының көрсеткіші. Психология ғылымында әр жастың қалыптасу ерекшеліктеріне қарай кезеңдерге бөліп қарастырамыз. Мысалы, мектеп жасына дейінгі кезең, бастауыш мектеп, жеткіншектік және жасөспірімдік кезең, т.б. Сонын ішінде, жеткіншектер психологиясы алғаш рет XIX ғасырдың аяғынан бастап зерттеле бастаған. Жеткіншектік кезең ұл балалар үшін 13-16 жас, қыз балалар үшін 12-15 жас шамасын құрайды.

Жеткіншектік жастағы қарым-қатынас мәселесі психологиялық зерттеулердің сарқылмас бұлағы болып қала бермек. Жеткіншектер психологиясын танып білуді бірінші болып қолға алған – Дж. Стэнли Холл болып табылады. С. Холл жеткіншектік кезеңді «үлкен күйзеліс уақыты» деп есептеген. Себебі, жеткіншектіктер бойыннан эмоциялық өзгерістер, ұшқалақтық, көңіл-күйдің жиі құбылуы және адаптация сияқты құбылмалы құбылыстарды байқауға болады. Басты конфликтілер, эмоциялық ауытқулар, статустың тұрақсыздығы мен белгісіздігі жеткіншектердің әлеуметтік құндылықтарына септігін тигізеді. Сонымен қатар, ата-анасымен немесе құрдастарымен қарым-қатынасы, дене бітімінде болатын өзгерістер және қоғамға қатынасы бірігіп жеткіншектің өзін-өзі бағалау үдерісін құрайды. Жеткіншектің психологиялық ерекшелігі «мен» бейнесін қалыптастыруы. «Мен» бейнесі бұл кезде өте қатты өзгеріске ұшырайды, бірқалыпты емес. Жеткіншектер арасында бірін-бірі қабылдай алуы және өзін дұрыс бағалай білуі көбінесе сыртқы келбеті мен тұлға бітімімен байланысты. Бұл – қарым-қатынас құрудың ең маңызды компоненті. «Мен» бейнесінің тұрақты не тұрақсыз болуы дене бітімінің адам санасында қалай бейнеленетіне байланысты. Жеткіншектер өзінің сыртқы келбетіне көңіл бөліп, соған көп күш жұмсайды және оларды сұлулығы, дене бітімі, салмағы көбірек алаңдатады. Адамның сыртқы келбеті тұлғаның дамуына, мінез-құлқына тікелей әсер етеді. Ғылыми зерттеулер нәтижесі бойынша сыртқы келбеті тартымды жеткіншектердің келбеті тартымсыз жеткіншектерге қарағанда ата-аналарымен, айналасымен қарым-қатынасы өте жақсы.

Адамның дене бітімі оның психологиялық мінездемесімен тығыз байланысты екенін байқауға болады:

*Астеникалық тип* - тұйық, эмоциялық жағынан ұстамды, сенімсіз әрі кез-келген іске икемсіз.

*Пикниктік тип*- орта бойлы, ірі денелі, қысқа мойынды. Олардың қимыл-қозғалысы *икемді* болады, мейірімді, қайырымды, көзқарасы шынайы адамдар.

*Атлеттік тип* - орта немесе ұзын бойлы болып келеді. Сабырлы, олардың жаңа ортаға бейімделуі өте қиын.

Ал, антропологиялық әдістің көмегімен дене бітімін 3 нұсқаға бөлуге болады: *эндоморфты*, *мезоморфты* және *этоморфты*.

Өз-өздерін барлық жағынан жоғары бағалайтын жеткіншектің оқу үлгерімі жоғары, қызығушылық өрісі кең, белсенді болып келеді. Ал, агрессивті жеткіншектер өз-өзіне не жоғарғы оң баға, не жоғарғы кері баға береді. Бұндай жеткіншек қарым-қатынас құрудан үрейленуімен, қиын жағдайдан шыға алмай қалуынан қорқуымен сипатталады. Өз-өзіне төмен баға беретін жеткіншек көбінесе күйзелістік реакцияға ұшырайды.

Қазіргі педагогика адамзаттың мұқтаждықтарына жауап беретін білім беру мақсаттарына сәйкес қоғамды, қарым-қатынасты қайта құру мен прогрессивті дамудың әлеуметтік роліне көңіл бөледі. Сондықтан орта білімді ақпараттандыру үрдісі және сонымен байланысты оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы қарым-қатынас орнату мен білім берудің жаңа мазмұнына едәуір әсерін тигізді. Орта білім беруді ақпараттандырудың негізгі бағыттарының бірі және неғұрлым оңтайлы тәсілі ретінде қашықтан оқытуды ұйымдастыруды кеңінен енгізу ұсынылып отыр. Күндізгі оқумен салыстырғанда қашықтан оқыту болашақ 12 жылдық мектеп үшін елеулі білімділік мәні бар бірқатар қосымша мүмкіндіктерге ие. Оқытудың бұл формасы қарым-қатынасты дамыту үшін оңтайлы алғы шарт жасай отырып, тұлғалық, дербестік, жауапкершілік сапаларын қалыптастырады, субъектінің шығармашылық қуатын ашады.

Қазіргі таңда, оқыту процесінде қолданылатын жаңа әдістердің бірі-қашықтан оқыту әдісі. Қашықтықтан оқыту кезінде жеткіншектердің қарым-қатынас құру икемділігін көрсете білу, өз көзқарасын дәлелдеу сынды қабілеттерді қалыптастыратын теория және тәжірибе түріндегі әдістемелер бар.

Қашықтықтан оқыту – ақпараттық, технологиялық құралдар мен ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Оның екі компоненті бар: біріншісі, оқытуды басқару және екіншісі, өз бетімен білім алу. Қашықтықтан оқыту процесінің нәтижесінде, мұғалімнің біліктілігі артады, оқушылардың өз бетімен білім алуын қалыптастырады, сонымен қатар, ата-аналардың жаңа технологияға деген көзқарасын өзгертеді.

Оқушылар қашықтықтан оқу арқылы өз білімдерін жетілдіре алады, ақпарат жүйелерін пайдалану мүмкіндігіне ие болады. Мысалы, ғаламторда оқулықтар мен әдебиеттер іздеу, онлайн түріндегі бақылау, тест сұрақтарын орындау, қашықтықтан олимпиадаларға қатысу, т.б.

Алайда, қашықтықтан оқытудың кері әсерлері де бар. Солардың бірі- қарым-қатынас құрудың қиыншылығы. Яғни, мұғалім мен оқушы арасындағы немесе оқушы мен оқушы арасындағы бетпе-бет байланысының болмауы. Оқушыларды ынталандыру әдістерінің аз болуы, оқушыларға берілген тапсырмалар мен қойылған міндеттердің орындалуын толық бақылаудың болмауы. Соның нәтижесінде, оқушылардың үлгерімі мен білім сапасы күрт төмендеуі мүмкін. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас әр оқушы үшін маңызды. Себебі, сол уақытта ғана оқушы жауапкершілікті сезінеді және сабақты практика жүзінде үйреніп, өз білімін шыңдайды. Ең бастысы- оқушы мұғалімнің бақылауында болады. Ал, оқушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынас кері байланыс жасау үшін, тиімді уақыт өткізу үшін маңызды. Қашықтықтан оқыту онлайн форматта телефон немесе басқа да гаджеттер арқылы жүзеге асатындықтан жеткіншектердің бір-бірімен шынайы қарым-қатынас құруы төмендеп кеткен. Мысалы, бірге уақыт өткізу, жүзбе-жүз диалог құру, әңгімелесу және т.б. Әңгімелесу- қарым-қатынас құрудың, тіл байлығы дамуының негізгі компоненті.

Бұның бәріне қарап, қашықтықтан оқыту дұрыс емес деген тұжырымға келе алмаймыз. Себебі, оның тиімді жақтары да көп. Алайда, педагог-психологтардың іс-әрекеттерінің нәтижесінде жеткіншектер арасындағы қарым-қатынасты тиімді жүргізіп, сақтап қала аламыз. Қашықтықтан оқыту кезінде ата-ананың, отбасының қарым-қатынасы жеткіншек үшін маңызы зор. Ата-ана – өз мейірімділігін білдіріп, жылулық бере отырып, баласына дұрыс қолдау жасай алатын адам.

Сонымен қатар, сынып жетекшілер мен ата-аналардың оқушымен, мұғалім арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында түрлі тренингтер өткізіліп отырылуы керек. Мысалы, «Оқушылардың педагогикалық, психологиялық портреті» әдістемесі, т.б. Қашықтықтан оқыту кезінде жеткіншектерге психологтың демеуі өте қажет екенін ескеру керек.

XXI ғасырдың ең басты міндеті – еліміздің әлемдік қауымдастыққа енуі, экономикасы мен білімін бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Қазіргі таңда еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ой өрісі жаңа – шыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Қорытындылай келе, менің айтқым келгені қашықтықтан оқытуды тиімді жағынан пайдаланып, оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайту үшін психологиялық көмек жүргізуіміз қажет. Себебі, қашықтықтан оқыту уақытша жүргізіліп жатқан процесс, ол ерте ме, кеш пе аяқталады. Ал, қарым-қатынас мәңгілік.

#### Әдебиеттер:

1. Бапаева М.Қ. Даму психологиясы. - Алматы, 2004.
2. Абдраманова Д.Е. Жас ерекшелік психологиясы. - Алматы, 2010.
3. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. - Алматы, 1985.
4. Сәбет Бап-Баба. Жалпы психология. - Алматы, 2005.
5. Сарыбаева И.С. Орта кәсіби білім: даму процесі және қазіргі жағдайы. - Алматы, 2010.